

Г.М. Атаханова

МҮЛІКТІ ТАЛАН-ТАРАЖҒА САЛУ ҰҒЫМЫ

Меншікке қарсы қылмыс ретінде мүлікті талан-таражға салу бұрыннан белгілі. Талан-таражға салудың қазіргі заманға сай түсінігі Қылмыстық құқықтың 6 тарауында берілген. Белоруссия заң шығарушылары талан-таражға салуды «пайдақорлық мақсатымен ұрлау, тонау, қарақшылық, күштеп алу, алаяқтық, иелену, ысырап қылу немесе компьютерлік техниканы пайдалану арқылы бөтен мүлікке немесе мүлікті иелену құқығына заңсыз қасақана өтеусіз қожалық ету» деп түсіндіреді.

Талан-таражға салу ұғымы ұзақ уақыт бойы қалыптасқанына қарамастан заң әдебиеттерінде талан-таражға салудың міндетті белгілері туралы даулар әлі де басылмай жүр.

Жоғарыда талан-таражға салуға заңды түрде келтірілген анықтамадан талан-таражға салудың белгілеріне бөтен мүлікті қасақана, пайдақорлық мақсатпен, заңға қайшы, өтеусіз алу және оны айыпты немесе басқа адамдардың пайдасына айналдыру арқылы меншіктенушіге зиян келтіру екендігі белгілі.

Осы белгілердің әрқайсысын толығырақ қарастырайық.

Мүлікті алудың **қасақана сипаты** кез-келген талан-таражға салудың тек тікелей ниетпен ғана жасалуы мүмкін екендігін білдіреді. Бұл жағдайда айыпты мүлікті заңсыз алып отырғанын түсінеді, онымен меншіктенушіге немесе мүліктің иесіне мүліктік зиян келтірілетінін біледі және мақсаты пайдақорлық болғандықтан сол зиянды келтіргісі келеді.

Пайдакүнемдік мақсат деп мүлікті заңсыз өтеусіз алуға мүдделі болуды айтады. Пайдакүнемдіктің өзі пайданы, олжаны білдіреді. Дальдің сөздігіне пайдакүнемдікке: «тегін табысқа, олжаға құмарлық; ақшаға, байлыққа ашкөздік, тойымсыздық, алыпсатарлыққа үйірлік; пайда, олжа, түсім» деген анықтама берілген [1, 429].

Заң әдебиеттерінде пайдакүнемдік міндетті түрде мүліктік пайданы келтіруі тиіс емес деген пайымдаулар кездеседі. Пайдакүнемдік мақсат жымқырып отырған тұлғаға пайда әкелуі тиіс. Мұндай пайда мүліктік те, басқа да мүддеде болуы мүмкін. Осының негізінде талан-таражға салудың міндетті белгілерінен «пайдакүнемдікті» шегеріп тастау туралы ұсыныстар енгізіледі [2, 417]. Алайда бүгінде мұндай пайымдаулар қажетсіз болып қалды. Олар заңға сәйкес емес. ҚК 24 тарауының аталған ескертпесінде талан-таражға салуды – бұл бөтен мүлікті *пайдакүнемдік мақсатпен* иелену деп анық айтылған.

Дәл осы тұста тағы бір сауал туындайды: пайдакүнемдік мақсат деген не? Доцент И.О.Грунтов көрсеткендей, сот тәжірибесінде мына жағдайлар бар болған жағдайда мақсат пайдакүнемдік болып табылады: тұлға материалдық пайда алуға ұмтылады; бұл мақсат алынған мүлік есебінен қанағаттандырылыады; тұлға жымқырылған мүлікті өз пайдасына немесе айыптының материалдық тәуелділігі бар тұлғалардың пайдасына айналдыру [3, 257]. Осындай пікірлер әрекеттегі қылмыстық заңға қайшы келеді. Қылмыстық құқыққа сәйкес пайдакүнемдік ниет дегеніміз «бұл жасалған қылмыстан өзі немесе жақын адамдары үшін мүліктік сипатта пайда алуға ұмтылыспен немесе өзін я жақын адамдарын материалдық шығындардан сақтап қалу ниетімен сипатталатын уәждер». Демек, заң мүдделері шеңберінде бөтен мүлікті алып отырған тұлға әрекет етуі мүмкін тұлғалар шеңберін шектейді деген сөз. Бұл шеңбер айыптының және оның жақын адамдарының материалдық мүдделерімен шектеледі.

Айыптының заңмен тыйым салынған әрекеттерді жасауы, ешқандай құқығы жоқ болса да бөтен иеліктен мүлік алуы **құқыққа қайшылық** деп аталады.

Қылмыстық құқық доктринасында талан-таражға салуға мүлікті **өтеусіз алу**, яғни оның құнын ақшамен немесе басқа жолмен тепе-тең қайтару деген анықтама берілген. Алайда мағынасы күмәнсіз болғанымен де, өтеусіздік белгісі тегіс қамти алатын белгі болып табылмайтындығын бас айту керек, себебі іс жүзінде меншіктенушіге оның еркіне қайшы баға эквивалентін беру арқылы бөтен мүлікті иелену жағдайларын қарастырмайды. Сол себептен өтеусіздікпен қатар меншіктенушінің немесе мүліктің басқа да иеленушісінің субъективті құқығының бұзылу белгісін де ескеру қажет.

Талан-таражға салудың - **мүлікті өз қарамағына немесе өзгенің қарамағына алу және айналдыру** – белгілері өзара тығыз байланысты және бір-бірін толықтырып отырады. «Мүлікті алу» және «айналдыру» түсініктерінің ұғым ретінде бір-бірінен мазмұны айырмашылықтары бар. Олар айыптының қалыптасқан әлеуметтік байланысты – меншік қатынастарын бұза отырып, басқа тұлғаның мүліктік аясынан материалдық құндылықтарды заңсыз алатынын және бөтен мүлікті өз иелігіне айналдыратынын көрсетеді.

Талан-таражға салу заты ретінде **бөтен мүлік** ұрланған мүліктің өзге адамға тиесілі екендігін білдіреді. Ол ұрлаушы үшін бөте болып табылады. Ұрлаушының ол мүлікті иеленуге шамаланған да, нақты да меншік құқығы немесе заңды иелену құқығы жоқ [4, 203]. Басқаша айтқанда, талан-таражға салу заты болу үшін мүлік қастандық жасаған сәтте ұрлаушыдан басқа тұлғаның меншігінде немесе заңды иелігінде болуы тиіс. Әрекет жасалған сәтте ұрлық жасап отырған тұлғаның меншігінде немесе заңды иелігінде болған мүлік талан-таражға салу заты болуы мүмкін емес. Оның үстіне, аталған тұлға ұрланған мүліктің меншік құқығы немесе заңды иелену құқығы негізінде өзінікі болуы мүмкін екендігі туралы ойламауы да тиіс.

Талан-таражға салудың соңғы белгісі – **мүліктің меншіктенушісіне материалдық зиян келтіру**. Мүліктің өтеусіз алынып отыруының өзі меншіктенушіге немесе басқа тұлғаға (мысалы, мүліктің иеленушісіне) мүліктік зиян келтіріліп отырғанын білдіреді. Қылмыстық-құқықтық ғылымда талан-таражға салу кезінде «қылмыскер алған мүліктің құны», яғни нақты (оң) зиян материалдық зиян болып табылады деген пікір басым болып отыр.

Талан-таражға салу кезіндегі зиянның мазмұнына аңғарылмай қалған пайда кірмейді. Оның себебі, талан-таражға салу кезінде мүлік меншіктенушінің немесе заңды иеленушінің қолма-қол қорларынан алынатынында. Меншіктенуші өзінің қолма-қол мүлкінің белгілі-бір үлесінен (сомасынан) айырылады, ал ұрлаушы сондай сомаға бөтен мүлікті заңсыз иеленеді.

Егер тұлға мүліктің бір бөлігін ғана заңсыз алып өз пайдасына айналдырса, онда ұрланған мүліктің мөлшерін анықтау кезінде сол бөлікті ғана ескеру қажет. Егер мүліктің заңсыз алынуы меншіктенушіге ішінара мүліктік эквивалент берумен байланысты болса, онда ұрланған мүлікті мөлшері алынған мүліктің құны мен оның орнына берілген мүліктің айырмасы ретінде анықталады.

Қылмыстық қастандық пәніне айналған мүліктің құнын анықтау кезінде қылмыс жасалған сәттегі мемлекеттік, бөлшек, нарықтық немесе комиссиялық бағаларға негізделу керек. Ұрланған мүліктің құнын анықтау кезінде ол мүліктің қылмыс жасалған кездегі бағасы ескеріледі.

Жоғарыда аталған талан-таражға салу белгілерінің негізінде талан-таражға салу құрамдарына әрқайсысының ҚК нақты баптарында қарастырылған өзіндік белгілері бар болғанымен де, жалпы сипаттама беруге болады.

Талан-таражға салудың кез-келген формасының **объектісі** ұлттық құқық жүйесімен қорғалатын меншік қатынастары болып табылады. Талан-таражға салудың кейбір формаларына байланысты қосымша объектілер ретінде адамның өмірі, оның жеке басының бостандығы қарастырылуы мүмкін.

Барлық талан-таражға салу түрлерінің қастандық **пәні** мүлік болып табылады. Талан-таражға салудың кейбір түрлері бойынша заң шығарушы қастандықтың пәнін кеңетілген түрде енгізген, оған мүлікті иелену құқығы жатқызылған. Мүлікті қорқытып алу кезінде қылмыстық қастандықтың пәні мүліктік сипаттағы әрекеттер болып табылады.

Талан-таражға салудың **объективті жағы** нәтижесінде меншіктенушіге немесе заңды иеленушіге материалдық зиян келтірілген бөтен мүлікті алудан және иеленуден құралады. Талан-таражға салу кезінде тұлғаның бөтен мүлікті өзінің немесе өзге тұлғалардың пайдасына айналдыруы қылмыстық нәтиже болып саналады. Мүлік меншіктенушіден немесе өзге заңды иеленушіден айыптының заңсыз иелігіне көшеді. Сондықтан меншіктенуші жоғалтқан мүлікті немесе меншіктену құқығынан бас тартқан мүлікті өзінің немесе өзге тұлғалардың пайдасына айналдыру талан-таражға салу болып табылмайды. [5, 36].

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы 2001 ж. 21 желтоқсанындағы № 15 қаулысының 3 тармағында көрсеткендей, жалпы ереже бойынша «қарақшылық пен күштеп алуды қоспағанда, талан-таражға салуды мүлік алынған болса және айыптының оны өз еркі бойынша жұмсау немесе пайдалану мүмкіндігі бар болса, яғни меншіктенушіге немесе заңды иесіне нақты материалдық зиянның келтірілуінен бастап аяқталған деп санауға болады» [6, 389]. Тұлғаның ұрланған мүлікті өз еркімен жұмсау немесе пайдалану мүмкіндігінің жоқтығы аяқталған қылмыстың нышандар құрамы жоқ дегенді білдіреді. Субъектінің мұндай мүмкіндігінің бар-жоғы туралы мәселенің шешуі жасалған талан-таражға салудың нақты жағдайлары мен шарттарына байланысты. Мысалы, күзетіліп жатқан аумақтан мүлікті талан-таражға салу мүлік осы аумақтан тыс шығарылған және айыпты оны жұмсау мүмкіндігін алған жағдайда аяқталған болып табылады. Азық-түліктерді, спиртті ішімдіктерді, ақшаны немесе басқа да осыған ұқсас мүліктерді ұрлаудың аяқталу сәті осы қылмысты жасаған тұлғаның ниетіне қарай анықталады: егер айыпты мүлікті күзетіліп жатқан аумақ шегінде жұмсауға ниеттенген және оны жасаған болса – бұл әрекетті аяқталған ұрлық деп бағалау қажет; егер айыпты мүлікті күзетіліп отырған аумақтан тыс жерде пайдалану ниетін көздеген болса, жасалған әрекет ұрлық жасау қастығы деп анықталады.

Осылайша, талан-таражға салу материалдық нышандар құрамдарымен сипатталады. Осы жалпы ережелерге заң шығарушы формалы (ықшамдалған) ереже ретінде құрастырған қарақшылық (ҚК 179 б.) пен күштеп алу (ҚК 181 б.) жатпайды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы көрсеткендей, қарақшылық мүлікті тікелей иелену мақсатымен күштеу қолданған сәттен немесе оны қолдануға қорқыту сәтінен бастап, ал күштеп алу – ҚК 181 б. аталған әрекеттерді жасауға қорқыту арқылы мүлікті тапсыру туралы талап етілген сәттен бастап аяқталған болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, талан-таражға салудың **субъективті жағы** тікелей ниетпен және пайдакүнемдік мақсатпен сипатталады.

Талан-таражға салудың **субъектісі** заң белгілеген жасқа жеткен, жауап беруге қабілетті тұлға болып табылады. Талан-таражға салудың кейбір түрлерінде бұл жас шамасы дифференциацияланады. ҚК 27 бабына сәйкес ұрлау, тонау, қарақшылық және күштеп алу үшін 14 жасқа толған жасөспірімдер, ал талан-таражға салудың басқа түрлері үшін 16 жасқа толған тұлғалар қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

1. Жижиленко А.А. Имущественные преступления. - Л., 1925.-С.12

2. Уголовное право. Особенная часть. М., 1939.-С.2573

3. Матышевский П.С. Ответственность за преступления против социалистической собственности.-Киев,1983.-С.20.

4. Пинаев А.А. Уголовно-правовая борьба с хищениями.-Харьков,1975.-С.13

5. Курс уголовного права Под редакцией Г.Н. Борзенкова и В.С. Комиссарова.-М.,2002.-Т.3.-С.388-389

6. Скляров С.В. Понятие хищения в уголовном законодательстве России: теоретический анализ//Государство и право.-1997

The establishment and meaning of the food safety in economic development and its installation in the structure of agrarian jurisprudence studies as an institute has been investigated in the article.

В данной статье рассматриваются уголовно-правовая характеристика хищения.

Б.Т. Тлеулесова

КОНТРАБАНДАЛЫҚ ҚЫЛМЫС ШЕКАРА АРҚЫЛЫ ӨТКІЗУДІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Контрабанда, ең алдымен, мемлекеттің экономикалық мүддесіне нұқсан келтіреді, себебі мемлекеттік органдардың қызметі, біріншіден - әкелінетін және шығарылатын тауарларға белгіленген алымдар бюджетке түспейді. Екіншіден, елдің экономикасы үшін өте қажетті болғандықтан сыртқа шығаруға тыйым салынған тауарлар (стратегиялық мақсаттағы шикізат) әкетіледі. Контрабанданың негізгі тікелей объектісі – мемлекеттің қаржылық қызметі. Қосымша объектісі – ҚР кедендік шекарасын кесіп өту ережесі.

Контрабанданың затына және субъектісіне байланысты оның факультативті объектілеріне қоғамдық қауіпсіздік, ҚР саяси мүддесін, Қазақстан халқының денсаулығын, қоғамның моральдық бастауы, Қазақстан халқының тарихи – мәдени мұралары жатады.

Қылмыстың заттары - тауарларымен басқадай заттар. ҚР Президенттің 1995 жылғы 20 шілдедегі «ҚР кеден ісі туралы» заң күші бар Жарлығының 18- бабының 18- тармағында сәйкес, тауар дегеніміз – материалдық дүниенің кез келген материалдық заты, оның ішінде валюта, валюталық құндылық, қуаттың электр, жылу немесе басқа түрлері және баптың 25 – тармағында көрсетілген көлік құралдарынан басқа көлік құралдары, ал осы баптың 21 – тармағында сәйкес көлік құралдарына «халықаралық тасымалдау және тауарлар үшін пайдаланылатын кез келген құрал, оған контейнер мен басқа да көліктік құрал – жабдықтар жатады». Сонымен қатар, кедендік шекара арқылы алып өту үшін арнаулы ереже белгіленген, кедендік шекара арқылы алып өтуге тыйым салынған немесе шектеу қойылған заттар мен құндылықтар да бұл қылмыстың заты бола алады.

Кедендік шекара арқылы алып өтуге тыйым салынған салынған заттардың тізбесі ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 19 ақпандағы «ҚР шекарасы арқылы алып өтуді декларациялау және оның тәртібі туралы» қаулысының № 5 тіркемесінде берілген. Оған мемлекеттік және қоғамдық құрылысты күйретуге бағытталған, соғысты, террорды, зорлықты, нәсілшілдікті насихаттайтын баспа және бейнелеу материалдары, сондай-ақ порнографиялық мазмұндағы материалдар, өнер туындылары, көне заттар және басқа едәуір көркемдік, тарихи, ғылыми немесе мәдени құндылығы бар заттар кірген. ҚР кедендік шекарасы арқылы алып өтуге шектеу салынған заттар тізбесі сол қаулының №6 тіркемесінде берілген. Оған ғылыми, көркемдік, тарихи немесе мәдени құндылығы бар заттар, есірткі затына жатпайтын дәрі – дәрмектер, радиоэлектрондық құралдар, байланыс құралдары және жоғары жиілікті құрылған құрылғылар, жарқырауық тастардың (құнды тастардан басқа), коллекциялық және сирек минералдардың, палеонтологиялық қалдықтардың үлгілері, авто, мото көлік құралдары және басқалар кірген.

Қылмыстық объективтік жағы – осы кодекстің 250- бабында көрсетілгендерден басқа тауарларды және басқа заттарды ірі мөлшерде кедендік шекара арқылы алып өтуге бағытталған белсенді әрекетпен сипатталады. Жоғарыда аталған Жарлықтың 18-бабының 9-тармағына сәйкес ҚР кедендік шекарасы арқылы алып өту дегеніміз – «тауарларды және көлік құралдарын кез келген тәсілмен ҚР кедендік аумағына алып кірумен немесе сол аймақтан алып шығумен байланысты әрекет жасау, оған халықаралық жіберулермен өткізу, құбыр мен тасымалдау көлігін және электр жүйесін пайдалануда кіреді».

Көрсетілген әрекеттерге мыналар жатады: ҚР кедендік аумағына тауарлады және көлік құралдарын алып кіру, оның ішінде, еркін кедендік қоймалардың аумағына ҚР кедендік аумағының қалған бөлігіне алып кіру – ҚР кедендік шекарасын іс жүзінде кесіп өту; басқа жағдайларда – ҚР кедендік аумағынан тыс жаққа, не еркін кедендік зоналар аумағына, немесе еркін қоймаларға тауарлармен көлік құралдарын алып шығу ниетін жүзеге асыруға тікелей бағытталған әрекеттер жасау, атап айтқанда – «кедендік декларация беру».

Сонымен, тауарларды немесе басқа заттарды алып кірген ҚР кедендік шекарасы іс жүзінде кесіп өтіледі, ал алып шыққанда – кедендік декларация беріледі.

Сондықтан да, ҚР кедендік аумағында алып кіргенде, оның ішінде кедендік зоналар аумағы мен еркін қоймалардан кедендік аумақтың басқа бөлігіне алып кіргенде тауарлар мен басқа заттардың кедендік шекараны іс жүзінде кесіп өткен кезінен бастап, ал тауарларды кедендік аймақтан алып шыққанда, сондай-ақ оларды ҚР кедендік аумағының қалған бөлігіне еркін кедендік зоналар аумағына және еркін қоймаларға алып кіргенде – кедендік декларация берген кезден бастап контрабанда аяқталған қылмыс болып саналады.

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқық кодексі 2005ж.

2. Уголовное право России Кудрявцева В.Н, Наумова А.В.

3. И.Н.Голованов, В.Е.Перекислов, В.А.Фадеев. Теневая экономика и легализация преступных доходов., СПб:2003.

4. Ю.Гармаев. Преступления в сфере ВЭД как объект уголовного права и криминалистики./ Уголовное право. № 2.2002.

5. С.Душкин, С.Русов., Уголовное законодательство стран дальнего зарубежья о преступлениях в сфере таможенного дела./ Уголовное право. №2. 2002.

В статье рассматриваются дополнительный объект-правила пересечения таможенной границы РК. Виды уголовных контрабандных товаров и материальных объектов, валюта, валютные ценности и другие виды. Товары и ценности на которые введены запрет и ограничения на ввоз.